

Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі

Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті

Бекітемін
Ғылыми кеңес төрағасы,
ректор, ҚР ҰҒА академигі
Ғазалиев А.М.

« ____ » _____ 2016ж.

ДОКТОРАНТТАРҒА АРНАЛҒАН ПӘН БОЙЫНША ОҚЫТУ
БАҒДАРЛАМАСЫ (SYLLABUS)

GIS 7304 «Гидравликалық импульсті жүйелер» пәні

KTZhZ 2 «Көлік техникасының жұмысын зерттеу» модулі

6D071300 «Көлік, көлік техникасы және технологиялары» мамандығы

Жол көлік факультеті

«Көлік техникасы және логистикалық жүйелер» кафедрасы

Алғы сөз

Оқу модулін сипаттайтын құжатты әзірлеген: т.ғ.д., проф Готов Б.Н.

«Көлік техникасы және логистикалық жүйелер» кафедрасының
мәжілісінде талқыланды «____» _____ 20__ ж. №____ хаттама

Кафедра меңгерушісі _____ «____» _____ 20__ ж.
(қолы)

Жол-көлік факультетінің оқу-әдістемелік кеңесі мақұлдайды
«____» _____ 20__ ж.

Төраға _____ «____» _____ 20__ ж.
(қолы)

Оқытушы туралы мәліметтер және байланыстық ақпарат

Глотов Борис Николаевич «Көлік техникасы және логистикалық жүйелер» кафедрасының т.ғ.д., проф.

«Көлік техникасы және логистикалық жүйелер» кафедрасы ҚарМТУ бірінші корпусында (Бейбітшілік бульвары, 56), аудитория 318, байланыс телефоны 56-59-32 қосымша 2040 орналасқан.

Пәннің еңбек сыйымдылығы

Семестр	Кредиттер саны/ ECTS	Сабақтардың түрі					СӨЖ сағаттарының саны	Жалпы сағаттар саны	Бақылау түрі
		байланыс сағаттарының саны			СОӨЖ сағаттарының саны	сағаттардың барлығы			
		дәрістер	тәжірибелік сабақтар	зертханалық сабақтар					
	3/5	-	45	-	45	90	45	135	емтихан

Пәннің сипаттамасы

«Гидравликалық импульсті жүйелер» пәні базалық пән болып табылады. Оны меңгеру докторанттардың соққылы әрекеттегі машиналарды (гидробалғаларды) құрастыру мен өндірістің әртүрлі саласындағы технологиялық үрдістерінде қолдану теориясы мен практикасын меңгеруге негізделген. Жүйелік тұрғыдан гидробалғалардың жалпы функционалды-физикалық құрылымдары, техникалық шешімдерді сараптамау және синтез, сондай-ақ техникалық шешімдерді әртүрлі фирмалардың гидробалғаларының конструкцияларында қолдану тенденциясы қарастырылады. Қалыптасқан гидробалғалардың өлшемдік қатары және әртүрлі фирмалардың гидробалғаларының техникалық деңгейін бағалау үшін жалпыланған көрсеткішті қолдану нәтижелері қарастырылған. Гидробалғалардың математикалық модельдерін әзірлеудің негізгі әдістемелік ережелері және оларды техникалық шешімдердің құрылымдық белгілерінің сапа көрсеткішіне әсерін бағалау үшін қолдану ұсынылған.

Пәннің мақсаты

«Гидравликалық импульсті жүйелер» гидроимпульсті жүйелердің құрылым және негізгі элементтері, соққылы әрекеттегі гидравликалық машиналардың жұмыс үрдістері, гидробалғалардың функционалды-физикалық салыну заңдылықтары, гидробалғалардың техникалық шешімдеріне сараптама мен синтез, гидробалғалардың математикалық модельдерін әзірлеу және қолдану және олардың сапасын бағалау бойынша білімдер жүйесін тереңдетуді мақсат қояды.

Пәннің міндеттері

Пәннің міндеттері мынадай: ГИЖ мен гидробалғалардың функционалды-физикалық заңдылықтарын, гидробалғалардың техникалық шешімдерін идентификациялау әдіснамасын, ГИЖ мен гидробалғалардың математикалық модельдерін әзірлеудің әдістемелік ережелерін, гидробалғалардың

техникалық деңгейін бағалау әдіснамасын, гидробалғаларды жетілдіру бағыттарын меңгеру білімдерін қамтамасыз ету.

Берілген пәнді оқу нәтижесінде студенттер міндетті:

- гидрокөлемді күштік импульстік жүйелерді импульсті технологияларды іске асыратын машиналарды құруда қолданудың жалпы принциптері жайлы ақпарат болуға;

- ГИЖ функционалды-физикалық салу заңдылықтарын, гидробалғалардың морфологиялық сараптамасы мен техникалық шешімдерінің синтезі, гидробалғалардың математикалық модельдерін әзірлеудің әдіснамалық ережелерін білуге;

- гидробалғалардың техникалық шешімдеріне сараптама жасауға және синтездеуді, гидробалғалардың математикалық модельдерін әзірлеуді, математикалық модельдердің шешімдерінің нәтижелерін сараптамалауды, гидробалғалардың техникалық деңгейін бағалауды іске асыра білуге;

- гидроимпульсті техниканы өндірістің әртүрлі саласындағы технологиялық үрдістерінде жасау және қолдану бойынша тапсырмаларды шешуге арналған білімдерді қолдануда практикалық дағдыларды меңгеруге.

Айрықша деректемелер

Берілген пәнді зерделеу үшін келесі пәндерді (бөлімдерді (тақырыптарды) көрсету арқылы) меңгеру қажет:

Пән	Бөлімдердің (тақырыптардың) атауы
Көлік техникасының жұмыс процессін зерттеудің аналитикалық және теориялық әдістері	Жүйелік заңдар мен категориялар. Техникалық жүйелердің анализі мен синтезі. Компьютерлік модельдеу әдістері.

Тұрақты деректемелер

Пәнді оқу кезінде алынған білімдер, докторанттың зерттеу жұмысында және докторлық диссертацияны дайындау барысында қолданылады.

Пәннің мазмұны

Сабақтардың түрлері бойынша пәннің мазмұны және олардың еңбек сыйымдылығы

Бөлімнің, (тақырыптың) атауы	Сабақтардың түрлері бойынша еңбек сыйымдылығы, сағ.				
	Дәріс-тер	Практи-калық	Зертха-налық	ОДӨЖ	ДӨЖ
1. Күштік импульстік жүйелердің ерекшеліктері. «Күштік импульсті жүйе» түсінігі. Күштік импульсті жүйелердің негізгі ерекшеліктері. Күштік импульсті жүйелердің қолдану аясы. Күштік импульсті жүйенің жалпылама функционалдық сұлбасы. Күштік импульсті жүйелердің негізгі жіктелу	-	4	-	4	4

белгілері. Механикалық, пневматикалық, электрлік күштік импульсті жүйелердің функционалдық сұлбалары.					
2. Гидрокөлемді импульсті жүйелер. Гидродинамикалық күштік импульсті жүйелер. Гидрокөлемді күштік импульсті жүйелер. Гидравликалық соққылы машиналардың күштік импульсті жүйесі.	-	2	-	2	2
3. Гидрокөлемді импульсті жүйелер мен гидробалғалардың функционалдық және физикалық салыну заңдылықтары. ГИЖ конструкциялық функционалдық құрылымын (КФҚ) құру. ГИЖ элементтері функцияларын талдау. ГИЖ элементтері физикалық операцияларының сипаты. ГИЖ жалпылама-нақтыланған ағындық функционалдық құрылымы (АФҚ). Гидробалғаларды құрудың жалпы заңдылықтары. Гидробалға элементтері функцияларының сипаты. Гидробалғалар элементтері функцияларын талдау. Гидробалға жалпылама-нақтыланған АФҚ. Гидробалға ОҚ орындау белгілері. Гидробалға ОҚ орындау белгілерінің іске асыру тәсілдері. Гидробалға тарату құрылғысының орындау белгілері. Гидробалға тарату құрылғысының орындау белгілерінің іске асыру тәсілдері. Гидробалғаның тарату құрылғысының кері байланысын салу принциптері. Тарату құрылғысының кері байланысының машинаның технологиялық тағайындалуына сәйкестігі. Тірек құрылғысына әсер етуін сипаттайтын белгілер. Соққылы қуаттың құрылымын реттелуін сипаттайтын белгілер. Гидробалғалардың морфологиялық кестесі.	-	14	-	14	14
4. Гидробалғалардың техникалық шешімдерінің мүмкін нұсқаларын орнату. Гидробалғалардың техникалық шешімдерінің синтезі. Гидробалғалардың жалпы және арнайы белгілері. Гидробалғалардың морфологиялық графы. Гидробалғалардың техникалық шешімдерінің синтезінің матрицасы. Гидробалғалардың гидрокинематикалық схемаларын салу тәртібі. ГПМ типтес гидробалғасының гидрокинематикалық схемасын салу. Гидробалғалардың техникалық шешімдерін	-	14	-	14	14

идентификациялау. Гидробалғалардың негізгі техникалық параметрлері және сапа көрсеткіштері. Гидробалғалар модельдерінің техникалық параметрлері және оларды тарату сипаты. Гидробалғалардың типті өлшемдік қатарына сараптама.					
5. Гидробалғалардың математикалық модельдерін әзірлеу және сараптамалау. Техникалық жүйелердің математикалық үлгілерін макродеңгейде әзірлеудің жалпы заңдылықтары. Механикалық және гидравликалық төменгі жүйелердің фазалық айнымалылары. Физикалық жүйелердің компоненттері мен олардың теңдеулері. Механикалық және гидравликалық төменгі жүйелердің графтарын салу. Гидробалғаның механикалық төменгі жүйесінің моделі. Гидробалғаның гидравликалық төменгі жүйесінің моделі. Гидробалғаның механикалық және гидравликалық төменгі жүйелерінің графын салу. ГПМ типтес гидробалғаның математикалық моделі.	-	8	-	8	8
6. Гидробалғалардың техникалық деңгейін бағалау. Гидробалғалардың техникалық деңгейін бағалаудың әдістемелік ережелері. Гидробалғалардың техникалық деңгейін бағалау үшін жалпыланған көрсеткіш қалыптастыру. Гидробалғалардың техникалық деңгейін бағалау.		3			3
Барлығы	-	45	-	45	45

Аралық бақылау оқытудың 7-ші және 14-ші апталарында жүргізіледі және бақылаудың келесі түрлерінен шыға отырып, ұйымдастырылады:

Бақылау түрі	% - тік құрамы	Оқытудың академиялық кезеңі, апта															арлығы, %	
		1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15		
Сабакқа қатысушылық	1,0	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*		15
Практ. жұмыс-тарды орындау	2		*		*		*		*		*		*		*			30
ДӨЖ	1,0	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*		15
Емтихан																		40
Барлығы аттестация								30								30		60

Галдин Н.С.	Многоцелевые гидроударные рабочие органы дорожно – строительных машин.	Омск: Изд-во СибАДИ, 2005	-	1
-------------	--	---------------------------	---	---

2 Пән бойынша тапсырмаларды орындау және тапсыру кестесі

Бақылау түрі	Тапсырманың мақсаты мен мазмұны	Ұсынылатын әдебиеттер	Орындау ұзақтығы	Бақылау түрі	Тапсыру мерзімі
ДӨЖ бойынша есеп	Практикалық дағдыларын және теориялық білімдерді бекіту	[1] - [7]	1 байланысты сағат	Ағым-дағы	1-7 апта
ДӨЖ бойынша есеп	Практикалық дағдыларын және теориялық білімдерді бекіту	[1] - [7]	1 байланысты сағат	Ағым-дағы	8-14 апта
Тәжірибелік тапсырмаларды тексеру	Практикалық дағдыларды бекіту	[1] - [7]	1 байланысты сағат	Ағым-дағы	1 - 15 апта
Емтихан	Пән материалдарының меңгерілу деңгейін тексеру	Негізгі және қосымша әдебиет тізімі	2 байланысты сағат	Қор-тынды	Сессия кезінде

Бақылау жұмыстарының тақырыптамасы

1. Күштік импульсті жүйелерге анықтама беріңіз.
2. Күштік импульсті жүйелерді қолдану саласын сипаттаңыз.
3. Күштік импульсті жүйенің «баяу» жұмыс үрдістерін сипаттаңыз.
4. Күштік импульсті жүйенің жалпылама функционалды схемасын суреттеңіз.
5. Күштік импульсті жүйелердің классификациялық белгілерін суреттеңіз.
6. Күштік импульсті жүйелердің механикалық, пневматикалық, электрлік функционалды схемаларын сипаттаңыз.
7. Гидродинамикалық күштік импульсті жүйелердің ерекшеліктерін келтіріңіздер.

8. Гидроқөлемді күштік импульсті жүйелер құрылымдық сұлбасын келтіріңіздер.

9. Гидравликалық соққылы машиналардың күштік импульсті жүйелердің құрылымдық сұлбасын сипаттаңыздар.

10. ГИЖ КФҚ құрылуын сипаттаңыз. ГИЖ элементтері тағайындалуының (функциялары) нақты сипатын келтіріңіздер.

11. ГИЖ элементтері функцияларының талдамасын орындаңыздар.

12. ГИЖ АФҚ құрылымын сипаттаңыздар.

13. ГИЖ элементтері физикалық операцияларының сипатын орындаңыздар.

14. ГИЖ жалпылама-нақтыланған АФҚ келтіріңіз.

15. Гидробалғаларды құрудың жалпы заңдылықтарын сипаттаңыздар.

16. Гидробалғалар элементтері функцияларының сипатын орындаңыздар.

17. Гидробалғалардың жалпылама-нақтыланған АФҚ келтіріңіздер.

18. «Гидравликалық байланысты қолдану» функцияларын іске асыру тәсілдері. Тұрақты және ауыспалы құрылымды, тегеурінді және ағынды орындау құрылғылары (ОҚ).

19. «Поршень-ұрғышқа күштік әсерлерді қалыптастыру» функциясының іске асырылуы тәсілдері. Тура, кері және қос әсерлі ОҚ.

20. «Жұмыс жүрісі периодында бос жүріс камерасынан жұмыстық сұйықтықты ығыстыру» функциясын іске асыру тәсілдері. Тура және дайындалған ығыстыруды ОҚ.

21. «Серпімді байланыстың болуы» белгісін сипаттаңыздар.

22. «Жылжымалы массалар саны» белгісін сипаттаңыздар.

23. «Ауыспалы көлемді гидравликалық камералардың саны» белгісін сипаттаңыздар.

24. «Тарату құрылғысының түрі» белгісін сипаттаңыз.

25. «Гидротаратқыштың сыртқы желілер саны» белгісін сипаттаңыз.

26. «Гидротаратқыш элементінің позициялар саны» белгісін сипаттаңыз.

27. Гидробалғаның тарату құрылғысының кері байланысын салу принциптерін салуын сипаттаңыз.

28. Тарату құрылғысының кері байланысының машинаның технологиялық тағайындалуына сәйкестігін сипаттаңыз.

29. Тірек құрылғысына әсер етуін сипаттайтын белгілерді сипаттаңыз.

30. Соққылы қуаттың құрылымын реттелуін сипаттайтын белгілерін сипаттаңыз.

31. Гидробалғалардың морфологиялық кестесін құрастырыңыз.

32. Гидробалғалардың жалпы және арнайы белгілерін сипаттаңыз.

33. Гидробалғалардың морфологиялық графын салыңыз.

34. Гидробалғалардың техникалық шешімдерінің синтезінің матрицасын салыңыз.

35. Гидробалғалардың принципалды схемаларын сипаттаңыз.

36. Гидробалғалардың гидрокинематикалық схемаларын салу тізбегін суреттеңіз.

37. Гидробалғалардың техникалық шешімдерін идентификациялауын суреттеңіз.
38. Гидробалғалардың тағайындалу көрсеткіштері.
39. Гидробалғалардың ПӘК қалай анықталады?
40. Гидробалғалар бойынша параметрлік ақпаратты жинау және гидробалғаларды баға көрсеткіштері бойынша үлестіру гисторграммаларын салу тәртібі.
41. Гидробалғалардың өлшемдік топтарына сипаттама.
42. Механикалық және гидравликалық төменгі жүйелердің фазалық айнымалыларын сипаттаңыз.
43. Физикалық жүйелердің компоненттері мен олардың теңдеулерін сипаттаңыз.
44. Гидробалғаның механикалық төменгі жүйесінің моделін суреттеңіз.
45. Гидробалғаның гидравликалық төменгі жүйесінің моделін суреттеңіз.
46. Гидробалғаның механикалық және гидравликалық төменгі жүйелерінің графтарын салуын орындау.
47. Гидробалғалардың техникалық деңгейін бағалау әдіснамасын суреттеңіз.